

**№1 Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Төрайымы: Калдыбаева Р.А.

Қатысқандар: 4 педагог

Күн тәртібі:

5. Ата-аналармен өткізілетін топ жиналыстарына нұсқау беру.
6. Циклограммаларды қарау.
7. “Балаңыз балабақшаға барады?” кеңес
8. Әр түрлі мәселелер

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер тәрбиешілерге ата-аналармен жұмыстар жөнінде нұсқаулар берді. Жыл бойында өткізілетін мерекелік шаралар мен конкурс, сайыстар, әр мезеттегі көрмелер өткізу туралы жоспарлармен таныстыру жетілдіру үшін әр ата-ана мен жіті байланыста болу керектігі ескертілді.

Екінші мәселе бойынша циклограммаларды жазғанда перспективадағы міндеттерге сүйеніп жазылу керектігін ескертті. Пән мұғалімдері де өз циклограммаларын уақыты жазып, бекітулері керек. Топ бұрыштарын жасақтап, материалдық техникалық базаны нығайту қажеттігі айтылды.

“Балаңыз балабақшаға барады?” кеңес оқылып, әр түрлі мәселелер бойынша сұрақ-жауап болды.

Шешім:

1. Алдағы уақытта жұмыстар тиянақты орындалсын.
2. Ата-аналармен жиналыстар өткізілсін.

ӘК төрайымы:

Хатшы:



Калдыбаева Р.А.

Кубентаева У.А.

Өткізілген күні: 08.09.2023

«Балаңыз балабақшаға барады?»

КЕҢЕС

Дайындаған : Кубентаева У.А.

2023-2024 оқу жылы

Кеңес « Балаңыз балабақшаға барады»

Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайына жалпы жанұяның жайлылығы, барлық жанұя мүшелерінің эмоциялық күйі, ата-ананың өзін-өзі бағалауы және жанұяның маңызды мәселелері байланысты.

Мәселенің психологиялық жағы: болып жатқан өзгерістерге бейімделу бұл балаға да, ата-ана үшін де қиын.

Соңғы жылдары қоғамда бала тәрбиесіне көзқарас өзгерді, бұл мектепке дейінгі мекемелердің бала өміріне қатынасына байланысты болды. Қазіргі уақытта барлық қоғам мүшесі балаларына өзара іс-әрекет формасы мен әдіс тәсілдерін өздері таңдайды. Сонымен бірге көпшілік ата-ананы бала үшін балабақша қажет пе?- деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды және мектепке келгенде осыған сүйенеді»,- деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан құрдастарымен қатынастарда қиындыққа ұшыраған балалары бар ата-аналар балабақшаға барса, бұл қиындықтан шығады деп үміттенеді. Балабақшаның мүмкіндігін жоғары бағалау да- қателік.

Балабақшаға бейімделген бала саны көп емес. Көпшілігі түрлі қиындықтарға тап келеді. Оның ішінде балабақшаға бару кей балада қорқыныш, үрей тудыруы да мүмкін.

Балабақшаға психологиялық бейімделуі баланың жеке, жас ерекшеліктеріне және тағы да басқа факторларға байланысты. Оның алғашқысы және маңыздысы баланың анасынан және жанұясынан ажырауға психологиялық дайындығы, өйткені үйренген байланыстан ажырау және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады.

Ересектердің назары өзінде болғанына үйренген баланың «көп ішіндегі бір бала» екендігіне көнуі және өз қажеттіліктері үшін, өз күшін жұмсап күресуі қажет болады. Бұл өзінің қажеттілігі бірінші орында тұратын және ата-ана айтқан бойда, автоматты түрде қанағаттандыратын жанұядағы жағдай емес. Тіпті кейбір ата-аналар ойлағандай балабақша – бұл ұялшақтықтан құтқаратын «дәрі» емес, бұл бала үшін өз бетінше өмір сүру тәжірибесіне дайындық – қиындықтарды жеңу, өзге балалармен қарым-қатынас орнату, жалпы психологиялық «жетілуге» сынақ боп табылады.

Балаға балабақша керек пе?- деген сұраққа жауап беру үшін негізгі он жақтарын айтайық. Жанұядағы тәрбиемен салыстырғанда балабақша балаға не береді?

Негізінен балабақша өзге балалармен қарым-қатынасқа үйрену тәжірибесі және мектепке психологиялық дайындық болып табылады. Бірақ осы өз бетінше үйрену тәжірибесі бала үшін де, оны уайымдап жүрген ата-ана үшін де жағымды жағдай емес. Сонымен өзге балалармен қарым-қатынас үйренуде балабақша жалғыз мекеме боп табылмайды. Қазіргі уақытта мектеп жанынан шағын орталықтар ашылуда, бұл жерде бала тез бейімделуі мүмкін.

Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай баланы балабақшаға беруде ата-ана баланың жеке жас ерекшеліктеріне емес, өз қажеттіліктеріне сүйенеді (жұмыс, өзге де жанұялық жағдайлар т.б). Соның салдарынан ата-ана басты қателігін жасайды: бала бұл жағдайда психологиялық тұрғыдан қалыптаспай тұрып, ерте жастан, тез, жанұядан, үйден ажыратады. Бұл жағдайда балабақшаға бейімделу өте қиын жағдайда өтеді. Кейде балабақшадан бас тартуға тура келеді.

Баланы балабақшаға психологиялық дайын екендігінің белгілері:

- баланың өзге балалармен ойнауға, қызығушылығының болуы;
- анасынан ажырауға баланың жағымсыз әсерінің болмауы;
- баланың өз жақындарынан басқа ересек адамдармен қарым-қатынасқа дайындығы;
- жаңа жағдайларда балада қорқыныш, үрейдің болмауы;
- сұраса, балабақшаға барғым келеді,- деп жауап беруі.

Енді баланың балабақшаға баруда күйзелісті азайту және бейімделуді жеңілдету факторларына тоқталайық.

Балабақшаға қай жастан бару қажет? Балабақшаға дайын болу жасына толудың өзіндік

шарттары бар. Бір балада бұл 2,5 жаста кей бала 4-5 жасты күту қажеттілігі болады. Әрине ата-ана бұл жасқа дейін күте алмайды. Бірақ баланың балабақшаға ерте жастан беруге тәжірибе ретінде қарау және жағымсыз салдарға да дайын болу қажет.

Балабақша тандауда әртүрлі жанұя түрлі басымдықтарға қарайды. Бірі мемлекеттік, бірі жеке балабақшаны қалайды.

Балабақшаның жақын болуы біреулер үшін маңызды, біреулер үшін маңызды емес. Бір ата-ана баланы жақсы дамытатын бағдарламасына қараса, бірі тек жайлы қарым-қатынас жасаса болды,- дейді. Бірақ барлығы, тәрбиеші жақсы болуына мүдделі. Бірақ «жақсы» түсінігі әркімде әрқалай, кей ата-ана қатаңдықты, кейбірі жұмсақ, әрі баланың тентектігіне мейірімділікпен қараса,- дейді.

Балаға балабақша тандағанда таныс адамдар мен өзге ата-аналардан мәлімет жинақтаныз. Бұл жақсы нұсқа тандауға көмектеседі. Содан соң міндетті түрде балабақшаға барып, ұзағырақ уақыт өткізіңіз. Ұсақ-түйекке көңіл аударыңыз, әкімшілік ата-ананы қалай қарсы алады, ұсыныс-тілектерге қаншалықты назар аударады. Тәрбиешілердің балалардың серуенде жүргендегі қарым-қатынасына қараңыз. Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен әңгімелесіңіз. Бұл жерде балаға тиімді қолайлы қатынас табуға көмектесетін, негізгі әсер ететін фактор-тәрбиешінің баланың жеке жас ерекшеліктерімен санасуы және оның педагогикалық тәжірибесі.

Балабақшаға дайындық

Баланы балабақшаға, тәрбиешілерге үйрету үшін, алғашқы кездері баланы тек балалармен серуендеуге әкеліп, одан соң жарты күн, кейін күндізгі ұйқыға қалдыру қажет. Бұл жағдайға балабақша әкімшілігі түсіністікпен қараса, барлық жағдайда балаңыздың қажеттілігі ескерілетіндігін білдіреді.

Балабақшаға бейімделу – бұл баланың балабақшаға үйрену мерзімі. Бұл мерзімде балада үйден кеткісі келмеу, балабақша талаптарына қарсылық білдіру, қықырлық көрсету, ызалану немесе тұйықтық, балабақша қызметкерімен қарым-қатынасқа түсуден бас тарту әсерлері байқалады. Сонымен бірге ата-анамен қоштасу кезінде анасының қолын жібермей жылаған бала, анасы кеткен соң тәртібі өзгереді- бала тынышталып анасы туралы есіне алмайды.

Бұл неге көрініс табады? Бұл бала бойындағы үйден алыс кетіп, жаңа ортаға, үйреніспеген жағдайға түсуге күйзеліс әсері: Балабақшаға бейімделу кезеңі баланы күйзеліске ұшыратуы мүмкін, өйткені бала өмірінде көп жағдай өзгереді. Оған қарым-қатынас түрі, бала құқығы өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады. «Жалғыз және қайталанбас» баладан «көптің бірі» болуға үйрену оңай емес, бұған уақыт және баланың жоғары бейімделу қабілеті керек. Шартты түрде бұл кезең 2-3 айға ұласады, бірақ әр баланың жеке дара ерекшеліктеріне байланысты бейімделу кезеңі 2-3 аптадан кейін басталуы да мүмкін.

Бұл кезеңнің аяқталу белгісі: баланың жағдайының, көңіл-күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір-бірімен сыйластыққа үйренеді. Бастапқыда бұл қарым-қатынас жанжалдан басталып, содан соң жөнге келеді.

Бұл қиын кезеңді баламен бірге ата-ана да өткереді, сондықтан ата-ана бұл баланың тәртібінде, іс-әрекетінде жағымды өзгерістер бар ма біліп отыру керек.

Міндетті түрде тәрбиешіден балаңыздың сіз кеткеннен кейін қалай жүретіндігін сұраңыз. Өзге адамдардың пікірін тыңдаңыз. Негізінен бала тәртібі балабақшаға кім апарып, әкелгеніне байланысты өзгере ме? Егер солай болса – бала қыңырлығы және қиналуы нақты адамға байланысты болса, мысалы: мамасы немесе әжесі, онда олардың өздерінің жеке уайымдары мен үрейлері баланың балабақшаға бейімделу кезеңін қиындатып жатқан жоқ па? деп ойлануы керек.

Баланың балабақшаға бейімделу кезеңі ата-анаға да қобалжу әкелетінін түсінуі керек. Кей сәттері олар баладан да артық күйзеледі. Сондықтан жанұя мүшелері өз сезімдерін бақылап, негізін түсініп отыруы қажет.

Балабақшаға баланы бергенде анасы не сезеді?

- Менің балама менсіз қиын шығар?
- Тәрбиешілер балама толық көңіл аудара ма?
- Балам қиналса көмектесе ме, жұбата ма?
- Бекер берген жоқпын ба?
- Менің өзіме де қиын болды-ау?

Ана баласын бауырына тартып, өзінің қасында ұзағырақ ұстауға тырысуы, баланың балабақшаға бейімделу кезеңін ұзартып жіберуі мүмкін. Анасы үшін бала өзінің жалғасы сияқты, ол өз сезімдерін балаға «көшіріп», өз күйзелісі мен бала күйзелісін араластырады. Ана өзі ішкі сезімдерін реттеу жұмыстарын жүргізіп, баланы өзінен эмоциялық тұрғыдан ажырату керек. Балабақшаға барған баланың анасына баласының өзіне тәуелді болмай, дербес бола бастағанына, анасының махаббаты мен бауыр басын қатты қажет етпейтіндігіне үйренуі керек. Ата-ана не істеу керек? Балабақшаға барғанда баламен қоштасу қысқа мерзімді болуы керек. Бала жылап, анасына ұмтылса да, беттен сүйіп, қол бұлғауға үйрету керек. Бұлай жасай келе, сіз баланы артық уайымнан құтқарасыз.

Балабақша туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен достасуға болатындығын айту қажет. Ата-ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Бала балабақшаға барудан «құтылуға» болмайтындығына көзі жеткен соң, қарсыласуын қойып, өз өмірінің бір бөлшегі ретінде қарайды. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасына ажырап, ол балабақшадан қажеттілігін және жағымды жақтарын тауып, өзге адамдармен, тәрбиешілермен балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Бала осы жаңа жағдайға қызықса, үйден алыстағанда қиналмайтын болады.

Анасы мен жанұя мүшелері «баланың жанұядан ажырауын және оның әлеуметтік ортаға шығуын» уайымдамай тыныштанса, бала да тез тынышталады.

Кей жағдайларда ата-ана дұрыс іс-әрекеттер жасаса да, бала балабақшаға бейімделуі ұзақ уақытқа созылады. Бала жиі ауырады, ұйқысы бұзылады, тамақ алысы нашарлайды. Балабақшада бұрышта тұрады, балалар арасында «бөтен» және тәрбиешілер үшін «жүктеме» тіпті бала, қорқақ, үрейленгіш болады. Анасы кеткеннен соңғы жылау және қиналу күні бойы созылады. Бұндай бала өзге балалармен қарым-қатынасқа түспейді, кейде тәрбиешілерден де оқшауланады. Оның іс-әрекеті екі жақтың ортасында қалған: үйден ажырап, бірақ балабақшаға үйренбегендей болады. Нәтижесінде бала өзін бәрі тастап кеткен, бақытсыз жалғыз қалғандай сезінеді.

Бұндай іс-әрекет бала психикасында бұзылыс бар деген сөз емес, тек бала балабақшаға дайын еместігін білдіреді. Мінезіндегі жеке дара ерекшеліктері – ұялшақтық, тұйықтық – балабақша қызметкерлері тарапынан жеткілікті психологиялық қолдау көрсетілмеуі балабақшаға бейімделуге кедергі келтіреді. Кей жағдайларда тәрбиеші бұндай «ерекше» балаларға қолайлы қатынас таба алмайды. Бұл педагогикалық тәжірибе және баланың өмірін жеңілдетуде ынталандыру себептерінің жетіспеушілігінен болуы мүмкін.

Бұл жағдайда ата-ана ұстаған «Барлық жолмен балабақша» ұстанымы қате, бала болашағына еш көмегі болмауы, бала мен ата-ана арасындағы сенімді алшақтатуы мүмкін. Бала ата-анасының өз күйзелісімен санаспайтынын, ең жақын адамдары «қиыншылықта тастап кетуін» жалғыздықты сезінуіне байланысты көмекке келмеуін уайымдайды. Бұл жағдайда ең дұрысы-баланы балабақшадан ажырату.

Баланың балабақшаға бейімделу мәселесі туралы анасы бала психологымен ақылдасып алғаны жақсы. Әр кез ата-ана баламен болып жатқан жағдайлардың себептерін толық талдай алмайды, бұл жерде тәрбиешіні себепсіз кінәлап, баланың психикалық жағдайына күмәнданбаған дұрыс. Бұл жерде мәселе: осы уақыттағы бала баратын балабақша талаптарына, осы уақыттағы баланың жеке дара ерекшеліктері сәйкес емес екендігі туралы сөз болуы керек. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықпалы бар екенін түсінуі тиіс. Балабақшаға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (анасы іс-сапарға кеткенде, сәби дүниеге келгенде және т.б жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Бұл жағдайларда бала қажеттілігін жанұяда қалыптасқан тәртіпті бұзбай қанағаттандырып отыру қажет: балабақшада қалу уақытын азайтып, апта арасында үзіліс ұйымдастырумен шешуге

болады. Толықтыра айта кетсек: әрбір туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ оған шығу жолдары әр ата-анада өзгеше.

«Баланы балабақшаға дайындау және бейімдеу»

Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне апат әкеледі» дегендей, балаға ерте жастан дұрыс тәрбие берілуі керек. Бала негізгі тәрбиесі отбасынан ата-анасынан алады, ал баланың жалпы жеке тұлға боп қалыптасу кезеңі мектепке дейінгі кезеңде басталады. Сондықтан баланың дұрыс дамуына игі ықпал ету ата-ана мен тәрбиеші педагогтердің басты міндеті. Балабақшаға жаңадан келген бала жаңа жағдайға, басқа ортаға қалай бейімделеді?

Кейбір балаларда балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Ата-ана баласын балабақшаға орналастырмас бұрын ондағы оқу мен тәрбие жұмысына, баланың жағдайына алаңдауы заңдылық. Ата-ананы «балабақшада бала көп жылайды, жиі ауырады» деген сөздер де мазалауы мүмкін. Балабақшаға барған алғашқы күндер-ақ бала мазасызданады. Өйткені, өзіне жақын адамдардың болмауы жанына батып, 2-3 күн өткен соң ауырып қалатын жағдайлары да кездеседі. Осындай жағдайларда кейбір ата-аналар тәрбиешілерді кінәлап жатады. Ал, ғалымдар сәбидің бөтен ортаға бейімделуін, үйіндегі ата-ананың баласын жаңа жағдайда алдын-ала дайындауына байланысты екенін айтады. Мысалы, бағбан ағаш егерден бұрын, оған орын дайындайды, содан кейін барып ағашты отырғызып баптайды, тамырына зиян келмеуіне көңіл бөледі. Оны ерекше күтімге алады. Сол сияқты баланың басқа ортаға бейімделуі, оның өмірінде кездесетін алғашқы күрделі кезеңнің бірі. Таныс емес адамдардың ортасында қалу бала үшін өте ауыр. Ол алғашқыда мазасызданып тіпті қашып кеткісі келеді, кейбір ата-ана баланың бұл қылығын түсіне алмай, баласын ұрып-соғып жатады. Бейімделу кезеңінде баланың ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті болмайды. Үйге келгеннен кейін де анасынан айырылмай, ұйықтағанда жиі-жиі оянып тынымсызданады. Кейбір нәзік жанды балалар бұндай өзгерісті көтере алмай, ыстығы көтеріліп, ауырып қалатын кездері де болады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін, ата-ана баланы балабақшаға апармас бұрын алдын-ала дайындау ережелерін білу керек.

Баланың күн тәртібін балабақшадағы тәртіпке қарай сәйкестендіріп, өзі киініп, өзі шешінуге дағдыландыру;

Балаға ас дайындағанда әр түрлі көкөністер мен сүтті тағамдарды қосып, өзі тамақтанатындай дағдыға үйрету;

Қандай тағамдарды жақсы көретінін, қандай тағамдарға аллергиясының барын және баласын қалай еркелететінін тәрбиешіге ескерту;

Баласының қалай ұйықтайтынын, дәретке баруды қалай ататынын ескерту;

Ата-ана баласын балабақшаға алып келген күні тәрбиешімен тығыз байланыс жасап, «Міне, сенің сүйкімді апайың, керемет достарың»-деп, тәрбиешімен таныстыру;

Балабақшаның ережесінде жаңадан келген бала алғашқы күндері 2 сағатқа қалу керек, алайда кейбір ата — аналар өздерінің жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Әр балада бейімделу кезеңі әр түрлі өтуі мүмкін.

Бейімделудің үш түрі болады:

1). Жеңіл бейімделу – баланың мінез-құлығы 10 -15 күнде қалпына келеді;

2). Орташа бейімделу — 1 айдың ішінде;

3). Ауыр бейімделу — 2айдан байға дейін созылады;

Баланың тез бейімделуіне қойылатын талаптар:

Баламен тез қоштасып үйреніңіз.

Балабақшаға алып келіп, көрінбей қашып кетпеңіз.

Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз.

Бастапқыда балабақшаға барғаны үшін мадақтап қойыңыз.

Баланы алдамай, дұрыс түсінік беру керек.

Баланың алдында барынша сабырлы, әрі ұстамды болуға тырысу керек.

Бала бірдеңені бүлдіріп немесе бір бұзақылық жасаса баланы жазаламау керек.

Балабақша әкімшілігі бейімделу кезеңінің бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Егер, ата — ана баланың балабақшаға тез бейімделуіне қойылатын талаптарды нық орындап, балабақшаның іс-шараларына қоян-қолтық араласып, бала тәрбиесін жіті қадағалайтын болса, кез келген баланың балабақшаға бейімделуі жеңіл өтеді және өмірге бейімделуі де жоғары болады!

**№2 Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Төрайымы: Калдыбаева Р.А.

Қатысқандар: 4 педагог

Күн тәртібі:

1. Қазан айының айлық жоспарымен таныстыру.
2. Қарттар күнімен ұстаздар күні мерекелерін өткізу жоспары.
3. «Балабақшадағы дамытушы бұрышы» кеңес

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер қазан айының жоспарымен таныстырып өтті. Ай бойы жоспарланған жұмыстарды өз уақытында орындауға тапсырмалар берді.

Екінші мәселе бойынша Қарттар күні мен ұстаздар мерекесін өткізу топ тәрбиешілеріне жүктелді.

«Балабақшадағы дамытушы бұрышы» кеңес оқылып, әр түрлі мәселелер бойынша сұрақ-жауап болды.

Шешім:

1. Қарттар күніне мен Ұстаздар күніне орай жоспарланған іс-шаралар өткізілсін.
2. Топ көрнекіліктермен жабдықталсын

ӘК төрайымы

Хатшы:



Калдыбаева Р.А.

Губентаева У.А.

Өткізілген күні: 03.10.2023

«Балабақшадағы дамытушы бұрышы» *КЕҢЕС*

Дайындаған : Кубентаева У.А.

2023-2024 оқу жылы

Кеңес « Балабақшадағы дамытушы бұрышы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 — 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беруді, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың негізгі бағыттары айқын көрсетілді.

Бағдарламаны іске асыруда, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, баланы жан-жақты дамыту педагогтардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады.

Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет,

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын,

өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек.

Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Л.И. Фалюшина: білім берудің сапалы болу жолдарын, қатысушылардың атынан мына сөздермен түсіндіреді.

«Балалар үшін – бұл олар үшін ойын түрінде қызықты оқыту;

-ата-аналар үшін – бұл балаларды тиімді оқыту, яғни, балаларды мектепке жақсы дайындаған оқыту бағдарламалары; шаршамай оқу; балалардың денсаулығын сақтау; оқудың жетістігі; оқуға деген ұмтылысты сақтау, беделді мектепке қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және т.б.;

-тәрбиешілер үшін – бұл олардың қызметін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларының, ата-аналардың оң бағалауы; барлық балалардың барлық бағдарламаларды сәтті жүзеге асыруы; балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын сақтау; балалардың табысты дамуы; балалардың денсаулығын сақтау; педагогикалық процесті барлық қажетті құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету және т.б.;

-басшы үшін – бұл ата-аналар мен балалардың тәрбиешілер қызметіне берген жоғары бағасы; балалардың денсаулығын сақтау; педагог пен балалар іс-әрекетінің жетістігі; балалардың оқу уақытын және педагогтардың жұмыс уақытын ұтымды пайдалану; тандалған бағдарламаларды толық игеру, балаларды мектепке сапалы дайындау

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалауды, білім беру салалары «Денсаулық» , «Қатынас» «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша қалай жүзеге асыруға болады.?

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша, балалардың денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту үшін дене шынықтыру жабдықтарын, оқу құралдарын және т.б. мақсатқа сай таңдау, орналастыруға қойылатын негізгі талаптар сақтау;

Сауықтыру-шынықтыру орталығы, дене шынықтыру алаңы, балалар алаңдарын талапқа сай жабдықтауы. Жабдықты таңдаудағы маңызды талаптардың бірі – оны пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жабдық жасалған материалдар гигиеналық талаптарға сай, экологиялық таза әрі берік болуы керек.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, ауызша сөйлеуді қалыптастыру, әр түрлі өмірлік жағдайларда қатынас дағдыларын меңгеру, Қазақстан халқының мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен танысу, мәнерлеп оқу және қайта айту, дыбыстық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу, белсенді сөздік қорын байыту, сөйлеу нормаларын меңгеру, мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту арқылы балалардың іс-әрекетінің әр түрлі түрлерінде тәрбиеленушілердің ауызша және дәйекті сөйлеуін дамыту. Дамытушы ортада «Қатынас» білім беру аймағын, коммуникативті дағдылар, мектеп жасына дейінгі балалардың «қалыптасып келе жатқан сауаттылық» принципі, кітаптар орталығын құру.

«Таным» білім беру саласы бойынша, балалардың танымдық дағдыларын дамыту үшін жаңа буынның ойын жабдықтарын мақсатты таңдау және ұтымды пайдалану, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамыту орталықтарын құру, пәндік-кеңістік, дамытушы модельдер, танымдық, зерттеханалық орталықтарын құру.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту орталықтарын, театрландыру, сурет салу, қолөнер орталықтарын құру.

Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын меңгеруді; қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына

тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптасуын тәрбиелеу. «Әлеуметтік дағдыларды дамыту», «Қауіпсіз жол» орталықтарын құру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан, баланың қызығушылығын қолдап, жаңғыртып отырғанда ғана бала бойындағы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал етеміз. Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

**№3 Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Торайымы: Калдыбаева Р.А.

Қатысқандар: 4 педагог

Күн тәртібі:

1. Қараша айының айлық жоспарымен таныстыру.
2. Іс шаралар, ашық іс-әрекеттерде барысын жоспарлау
3. Кеңес «Математика негіздерінде қолданылатын әдістердің өзіндік ерекшеліктері»

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер қараша айының жоспарымен таныстырып өтті. Ай бойы жоспарланған жұмыстарды өз уақытында орындауға тапсырмалар берді.

Екінші мәселе бойынша қараша айында болатын іс-шаралар уақытын белгілеу. Ашық іс-әрекеттер өтізу.

Үшінші мәселе бойынша «Математика негіздерінде қолданылатын әдістердің өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында кеңес оқылып, әр түрлі мәселелер бойынша сұрақ-жауап болды.

Шешім:

1. "Алтын күз" мерекесіне орай жоспарланған іс-шаралар өткізілсін.

Ашық іс-әрекеттер ұйымдастырылсын.

ӘК төрайымы:

Хатшы:



Калдыбаева Р.А.

Кубентаева У.А.

Өткізілген күні: 01.11.2023

«Математика негіздерінде
қолданылатын әдістердің өзіндік
ерекшеліктері»
КЕҢЕС

Дайындаған : Кубентаева У.А.

2023-2024 оқу жылы

Мектеп жасына дейінгі балаларды математика элементтеріне оқытудың негізгі әдістері көрнекі, ауызша, ойын және практикалық болып табылады.

Әдістер балалардың жасына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес таңдалады. Сондай-ақ тәрбиешінің жеке тәжірибесіне және балабақшадағы нақты жағдайларға сәйкес.

Әдістерді таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

- оқыту мақсаттары, міндеттері;
- осы кезеңде қалыптасқан білімнің мазмұны;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктері;
- қажетті дидактикалық құралдардың болуы;
- тәрбиешінің белгілі бір әдістерге жеке қатынасы;
- оқу процесі жүретін нақты жағдайлар және т. б.

Математиканы оқытудағы көрнекі және ауызша әдістер тәуелсіз емес. Олар практикалық және ойын әдістерімен бірге жүреді.

Көрнекі оқыту әдістеріне мыналар жатады: объектілер мен иллюстрацияларды көрсету, Бақылау, көрсету, кестелерді, модельдерді қарау.

Ауызша әдістерге мыналар жатады: әңгімелеу, әңгімелесу, түсіндіру, түсіндіру, ауызша дидактикалық ойындар. Көбінесе бір сабақта олардың әртүрлі комбинациясында әртүрлі әдістер қолданылады. Балаларды математикаға үйретудегі маңызды ауызша әдістердің бірі-балаларға жасалатын іс-әрекеттің мәнін көрсететін Нұсқаулық. Үлкен топта Нұсқаулық біртұтас, тапсырманы орындағанға дейін беріледі. Кіші топта Нұсқаулық қысқа болуы керек, көбінесе әрекеттерді орындау барысында беріледі. Оқу процесінде ойын әдісінің орны әртүрлі бағаланады. Соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балаларды қарапайым логикалық даярлау, оларды "оқыту" ойындарының арнайы сериясын (А.А. Столяр) пайдалану негізінде логикалық-математикалық көріністер (қасиеттері, жиындармен операциялар) саласына енгізу идеясы жасалды. Бұл ойындар құнды, өйткені олар балалардың жасырын интеллектуалды мүмкіндіктерін жаңартады, оларды дамытады (Б.п. Никитин).

Практикалық әдістер, ең алдымен, әрекеттердің тәуелсіз орындалуымен, дидактикалық материалды қолданумен сипатталады. Практикалық іс-әрекеттер негізінде балада қалыптасқан білім туралы алғашқы идеялар пайда болады. Практикалық әдістер Дағдылар мен дағдыларды дамытуды қамтамасыз етеді, алынған дағдыларды басқа қызмет түрлерінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі кезеңдегі есеп қызметінің даму кезеңдерінің сипаттамасы
А. М. Леушина балалардағы есеп қызметін дамытудың алты кезеңін анықтады. Бұл жағдайда алғашқы екі кезең дайындық болып табылады.

Бірінші кезең (2-3 жыл)-бұл кезеңнің негізгі мақсаты - жиынның құрылымымен танысу. Негізгі әдістер-жиындағы жеке элементтерді оқшаулау және жеке элементтерден жиынды құрастыру. Балалар қарама-қарсы жиындарды салыстырады: көп және бір.

Екінші кезең де сандық болып табылады, бірақ осы кезеңде балалар математикадан арнайы сабақтарда ұпай жинайды. Мақсат-іргелес жиындарды элементарлы түрде салыстыруға үйрету, яғни бір элементтің санына қарай ерекшеленетін жиындарды салыстыру. Негізгі әдістер-қабаттасу, қолдану, салыстыру. Осы әрекеттің нәтижесінде балалар бір элементті қосу арқылы теңсіздіктен теңдік орнатуды үйренуі керек, яғни көбейту немесе алып тастау, яғни азайту, жиын.

Үшінші кезең шартты түрде өмірдің бесінші жылындағы балаларды оқытумен байланысты. Негізгі мақсат - балаларды санның қалыптасуымен таныстыру. Іс — әрекеттің тән тәсілдері — іргелес жиындарды салыстыру, теңсіздіктен теңдік орнату (тағы бір элемент қосылды және олар тең болды-әрқайсысы екі, төрт және т.б.). Нәтиже-санмен көрсетілген шоттың нәтижесі. Осылайша, бала алдымен есепті игереді, содан кейін нәтижені — санды біледі.

Есеп қызметін игерудің төртінші кезеңі өмірдің алтыншы жылында жүзеге асырылады. Бұл кезеңде балалар табиғи қатардың іргелес сандары арасындағы қатынастармен танысады.

Нәтиже-натурал қатардың негізгі принципін түсіну: әр санның өз орны бар, әрбір келесі Сан алдыңғы саннан бір үлкен, ал керісінше, әрбір алдыңғы Сан соңғысынан бір кем.

Санауды оқытудың бесінші кезеңі өмірдің жетінші жылымен байланысты. Бұл кезеңде балалардың 2, 3, 5 топтарындағы шотты түсінуі орын алады. Нәтиже - балаларды ондық санау жүйесін түсінуге жетелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту әдетте осымен аяқталады.

Санақ қызметін дамытудың алтыншы кезеңі балалардың ондық санау жүйесін игеруімен байланысты. Өмірдің жетінші жылында балалар екінші ондықтың сандарының пайда болуымен танысады, ұқсастығын түсіне бастайды құрылған бірлікті қосу негізінде кез-келген санның (бір санға көбейту). Олар он бірлік он бірлікті құрайтынын түсінеді. Егер сіз оған тағы он бірлік қоссаңыз, онда сіз екі ондықты аласыз және т. б. балалардың ондық жүйені саналы түрде түсінуі мектеп кезеңінде болады.

Дидактикалық материал оқу құралы болып табылады және оны келесі түрде ұсынуға болады:

Жабдық-фланелеграф, математикалық тақта, есептегіш баспалдақ, теру кенеп, табиғи материалмен жұмыс істеуге арналған қондырғылар, компьютерлер;

Дидактикалық ойындар жиынтығы;

Әдістемелік құралдар-жұмыс дәптерлері, сандық карточкалар, терулер және т. б.;

Дидактикалық көрнекі материал.

Оқыту құралдарының келесі негізгі функциялары бар:

көрнекілік принципін іске асырыңыз;

күрделі дерексіз математикалық ұғымдарды қол жетімді етіп көрсетіңіз;

іс-әрекет тәсілдерін игеруге әкеледі;

сенсорлық тәжірибенің жинақталуына ықпал етеді;

мұғалімге баланың танымдық іс әрекетін басқаруға мүмкіндік береді;

балалардың тәуелсіз танымдық белсенділігінің көлемін арттырыңыз;

оқу процесін ұтымды, қарқынды етеді.

Айта кету керек, бұл функциялар балаларды оқыту теориясы мен практикасын жетілдіруге байланысты үнемі өзгеріп отырады.

Барлық көрнекі материалдарды шартты түрде екі түрге бөлуге болады: демонстрациялық және үлестірмелі. Демонстрация үлестіру мөлшері мен мақсатынан ерекшеленеді. Демонстрациялық материал үлкенірек, ал үлестірме материал кішірек.

Көрнекі көрнекі материалдың маңыздылығы оның көмегімен сіз оқу процесін балаларға қызықты, қол жетімді және түсінікті ете аласыз, Нақты математикалық идеяларды қалыптастыруға, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамытуға жағдай жасай аласыз.

Үлестірмелі көрнекі материалдың маңыздылығы, ең алдымен, бұл оқу процесіне тиімді сипат беруге, баланы тікелей практикалық іс-әрекетке қосуға мүмкіндік береді.

Көрнекі материал белгілі бір талаптарға сай болуы керек:

санауға арналған заттар мен олардың суреттері балаларға белгілі болуы керек, олар қоршаған өмірден алынады;

балаларды әртүрлі популяциялардағы мөлшерді салыстыруға үйрету үшін әр түрлі сезім мүшелері қабылдай алатын дидактикалық материалды әртараптандыру қажет (есту, көру, жанасу);

көрнекі материал динамикалық және жеткілікті мөлшерде болуы керек; гигиеналық, педагогикалық және эстетикалық талаптарға жауап беру.

Оқу процесінде көрнекілікті қолдану тәсілдері әртүрлі: демонстрациялық, иллюстрациялық және тиімді. Көрнекілікті қолданудың демонстрациялық тәсілі алдымен мұғалім, мысалы, геометриялық фигураны көрсетіп, содан кейін оны балалармен бірге тексеретіндігімен сипатталады.

Иллюстрациялық әдіс мұғалімнің ақпаратын иллюстрациялау, нақтылау үшін көрнекі материалды пайдалануды қамтиды. Мысалы, бүтінді бөліктерге бөлумен танысқан кезде мұғалім балаларды осы процестің қажеттілігіне жеткізеді, содан кейін іс жүзінде бөлуді жүзеге асырады.

Көрнекі материалды қолданудың тиімді әдісі үшін мұғалімнің сөзін іс-әрекетпен байланыстыру тән. Бұған мысал ретінде балаларды қабаттастыру және қолдану арқылы жиындарды тікелей салыстыруға үйрету немесе тәрбиеші қалай өлшеу керектігін айтып, көрсеткен кезде балаларды өлшеуге үйрету болуы мүмкін.

Әдетте, математика сабақтарында бірнеше құралдар қолданылады, сондықтан оларды орналастыру орны мен тәртібі туралы ойлану өте маңызды. Демонстрациялық материал қолдануға ыңғайлы жерде, белгілі бір ретпен орналастырылады. Көрнекі материалды қолданғаннан кейін, балаларды алаңдатпау үшін оны алып тастау керек.

Осылайша, оқытудың тиімділігіне тәрбиешінің сөзін, балалардың практикалық әрекеттерін және әртүрлі көрнекілік құралдарын біріктіру арқылы қол жеткізіледі, өйткені ұғымдарды қалыптастыру процесі нақты идеялардан, іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырудан бөлінбейді.

№4 Әдістемелік кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Төрайымы: Калдыбаева Р.А.

Қатысқандар: 4 педагог

Күн тәртібі:

1. Желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстыру.
2. Желтоқсан айында өтетін іс-шаралар жоспарын құру, уақытын белгілеу.
3. Кеңес «Әр түрлі балалар іс-әрекетінде балалардың математика негізінде қолданылатын түсінік қалыптастыру»

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша әдіскер желтоқсан айының жоспарымен таныстырып өтті. Ай бойы жоспарланған жұмыстарды өз уақытында орындауға тапсырмалар берді.

Екінші мәселе бойынша желтоқсан айында болатын іс-шаралар уақытын белгілініп, жоспар құрылды.

Үшінші мәселе бойынша «Әр түрлі балалар іс-әрекетінде балалардың математика негізінде қолданылатын түсінік қалыптастыру» тақырыбында кеңес оқылып, әр түрлі мәселелер бойынша сұрақ-жауап болды.

Шешім:

1. «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», «Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!» мерекесіне орай жоспарланған іс-шаралар өткізілсін.
2. Қауіпсіздік шаралары сақталсын.

ӘК төрайымы:

Хатшы:

Қалдыбаева Р.А.

Кубентаева У.А.



Өткізілген күні: 04.12.2023

«Әр түрлі балалар іс-әрекетінде
балалардың математика негізінде
қолданылатын түсінік қалыптастыру»

КЕҢЕС

Дайындаған : Кубентаева У.А.

2023-2024 оқу жылы

"Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру "Әрбір мектеп жасына дейінгі бала-кішкентай зерттеуші, қоршаған әлемді қуана және таңқалдырады".

Тәрбиешілердің міндеті-оған танымға деген ұмтылысты сақтауға және дамытуға көмектесу, баланың белсенді іс-әрекетке деген қажеттілігін қанағаттандыру, баланың ақыл-ойына тамақ беру. Педагогикалық практика ғылыми дәлелденген әдістерді қолдана отырып, дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық процесс жағдайында, әдетте балалардың қабылдау ерекшеліктерін ескеретін ойын түрінде, балалар мектеп жасына дейінгі жаста шамадан тыс жүктеме мен стресстен бұрын олар тек мектепте оқи бастағандардың көп бөлігін игере алатындығын растайды. Бала мектепке неғұрлым дайын болса, бұл тіпті жинақталған білім мөлшерін де білдірмейді, атап айтқанда ақыл - ой белсенділігіне дайындық, ақыл – ойдың жетілуі-соғұрлым сәтті болады, демек, бұл әр адам үшін өте маңызды кезеңнің басталуы-мектепке дейінгі балалық шақ ол үшін бақытты болады. Математика мектепке дейінгі білім беру жүйесінде өте үлкен орын алады. Ол баланың ақыл-ойын шындайды, ойлаудың икемділігін дамытады, логикаға үйретеді. Бұл қасиеттердің барлығы балаларға математиканы үйрену кезінде ғана емес, пайдалы болады. Мектеп жасына дейінгі баланың қарапайым математикалық көріністерінің қалыптасуы қоршаған әлемді тану және сенсорлық даму процестерімен тығыз байланысты. Егер танымдық іс-әрекет, оның ішінде тәуелсіз зерттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін болса, математикалық түсініктерді қалыптастыру ересектердің баламен мақсатты сабақтары болған жағдайда ғана мүмкін болады. Осы бағыттағы жұмыстың оң нәтижесіне қол жеткізу үшін білім беру процесін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтары сабақтарда және режимдік сәттерде балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырады.

Жұмыс жүргізілуде: күні бойы; күнделікті-топта немесе серуендеу кезінде; оқу жылының басында өткізілетін зерттеу деректеріне сәйкес әр бала бойынша жеке-жеке жүргізіледі.

Қарапайым математикалық идеяларды қалыптастыру сабақтарда да, оған жақсы ықпал ететін іс-шаралар жағдайында да жүзеге асырылады: экскурсиялар, әдеби шығармалармен және шағын фольклорлық формалармен танысу, табиғи материалмен ойындар (су, құм, бұршақ және т. б.), сенсорлық эталондары бар ойын жаттығулары, тұрмыстық заттар, конструктивті және дидактикалық, логикалық ойындар, шығармашылық ойын тапсырмалары және т. б.

Әдеби шығармалармен және шағын фольклорлық формалармен танысу қарапайым математикалық түсініктердің қалыптасуына ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізу үшін сандық қатынастар, тәуелсіздіктің бөліктері, аптаның күндері, жыл мезгілдері, кеңістіктегі шамасы мен бағдары туралы идеяларды қалыптастыруға ықпал ететін жұмыстар таңдалады.

Математикалық идеяларды қалыптастырудың кең мүмкіндіктері келесі шағын фольклорлық формаларды ұсынады: мақал-мәтелдер, питомниктер, әзілдер, мақал-мәтелдер, тіл бұраландары, оқырмандар, жұмбақтар мен ертегілер. Фольклор шығармалары балалармен жұмыс жасауда білім алуға итермелейтін әдіс ретінде кеңінен қолданылады: жаңа материалмен(санмен, шамамен және т.б.) танысу кезінде байқауды күшейтетін әдіс ретінде: белгілі бір білімді, шеберлікті шоғырландыру кезінде; мектеп жасына дейінгі балалардың жас қажеттіліктеріне жауап беретін ойын-сауық материалы ретінде.

Мысалы, саны мен шоты

Сандар мен сандарды ассимиляциялау механикалық емес, саналы түрде жүруі үшін баланы сан мен санның байланысы туралы түсінік қалыптастырғаннан кейін бірден таныстыру қажет. Сіз мектеп жасына дейінгі баланы үстелге, мысалы, текшеге қойып, "үстелде қанша текше бар?" "Заттардың саны белгімен көрсетіледі. Бұл белгі "Сан" деп аталады. "Бір" саны заттардың санын білдіреді-бір текше.

Міне, балалар, бірлік!

Тоқылған инедегідей өте жұқа!

Мен ілмекке ұқсаймын,

Немесе сынған түйінге.

Менен есеп жүргізілуде,

Және бұл үшін маған құрмет!

Сандардың атауларын және олардың орындалу ретін табиғи қатарға бекіту үшін балаларды келесі өлеңмен таныстыру пайдалы:

"Санай аламын" З. Нури

Мен күні бойы санауға жалқау емеспін:

Мен тезірек тұруға асығамын,

Содан кейін мен күні бойы іздеймін –

Нені санау керек?

Ауладағы сиыр жалғыз,

Ал қойлар – екі,

Терезедегі үш котенка,

Шөпте төртінші.

Қыздар серуендеуге барады –

Екі және үш, бірге-бес.

Біз он жұмыртқа салдық

Тауық еті...

Мен енді санай алмадым –

Мен санаудан шаршадым.

Осылайша шаршамау үшін,

Көбірек сандарды білу керек.

Мен барлық сандарды зерттеймін –

Мен мектепке тезірек барғым келеді

Сандардың нөмірленуін, реттік және сандық есептеулерді бекітудің үлкен мүмкіндіктері санауыштарға ие-балалар ойын ішіндегі жетекші немесе рөлдерді бөлу үшін ғана емес, сонымен қатар сандық көріністердің дамуына ықпал ететін қысқа рифмалық өлеңдер.

Бір-толқын, екі-толқын,

Кемпір саңырауқұлақтарға барды.

Күні бойы орманда жүрдім

Және волнушкам сөйледі:

Бір-толқын, екі-толқын,

Сізді жаңа кадушка күтеді. —

Біз жаңа конусты бастаймыз,

Сабақ кезінде балалардың демалуы үшін дене шынықтыру минуттары өткізіледі. Олардың мазмұны сандық шотты бекітуге мүмкіндік береді. Балалар саусақтарымен ойнағанды өте жақсы көреді. Бұл ойындар питомниктер, әндер мен өлеңдер арқылы жүзеге асырылады және реттік және сандық санауды игеруге көмектеседі.

Мысық

Бір, екі, үш, төрт!

(бір-біріне алақанмен сырғанау)

Біздің үйде мысықтар өмір сүрді

(кезекпен бір қолды алға, содан кейін екінші қолды алға жылжытыңыз)

Допты мысықтар ойнады,

(саусақтарды жалғаңыз)

Мысықтар сүт лакали,

("табақшаның" алақандарын бетке әкеліп, тілімен лакқа еліктейді)

Мысықтар тырнақтарын қайрады,

(тізеңізді оңай тырнаңыз)

Сұр тышқандар ұсталды.

(қол шапалақтау)

Математика сабақтарында және режимдік сәттерде математикалық түсініктерді қалыптастыру үшін мақал мәтелдерді қолдану пайдалы:

1 САНЫ БАР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Біреуі Томас туралы, екіншісі ерем туралы.

Біреуі кесіп тастайды, ал екіншісі құбырға үрлейді.

Бүгін біреуі ертең екіден жақсы.

Бір құймақ, содан кейін жартысы бұзылады.

Бір ақыл жақсы, ал екеуі жақсы.

Шөптің бір қазы ысқыламайды.

Бір ұры-бүкіл әлемде қирау.

Бір астық бір уыс береді.

Бір бас жақсы, ал екеуі жақсы.

Ұзындығы, биіктігі, массасы сияқты шамалармен танысқан кезде" шама "және" уақыт бойынша бағдарлау " балаларға жұмбақтар ұсына алады:

Отырғанда кім биік болады? (Ит)

Өзі қысқа, ал құйрығы ұзын. (Жіппен ине)

Үрлегенде не оңайырақ болады? (Әуе шары)

Кімнің құйрығынан ұзын мүйіздері бар? (Ешкіде)

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін сөйлеуде уақыт сегменттерін дұрыс белгілей отырып, уақытты бағдарлауды үйрену өте маңызды; оның қызметін реттеу және жоспарлау үшін оның ұзақтығын сезіну; уақыт аралығына байланысты өз әрекеттерінің қарқыны мен ритағын өзгерту. Осы уақытша қатынастарды бейнелі түрде ұсыну үшін шағын фольклорлық формаларды қолдану пайдалы: мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдер, күннің бөліктерімен, күнтізбемен байланысты тіл бұрмалары.